

**2010 жылғы 27 шілдедегі "Тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін белгілеу ережесін бекіту туралы" № 24-5/2 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Көкпекті аудандық мәслихатының 2010 жылғы 02 қарашадағы N 25-4/1 шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Көкпекті аудандық әділет басқармасында 2010 жылғы 07 желтоқсанда N 5-15-75 тіркелді. Күші жойылды - Көкпекті аудандық мәслихатының 2013 жылғы 07 қарашадағы N 19-4/6 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Көкпекті аудандық мәслихатының 07.11.2013 N 19-4/6 шешімімен.**

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабының 1 тармағының 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңының 97 бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы «Тұрғын үй көмегін ұсыну Ережесін бекіту туралы» № 2314 қаулысына сәйкес Көкпекті аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Көкпекті аудандық мәслихатының 2010 жылғы 27 шілдедегі «Тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін белгілеу ережесін бекіту туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 5-15-72 болып тіркелген, «Жұлдыз» газетінің 2010 жылғы 18 қыркүйегінің № 37 саңында жарияланған) № 24-5/2 шешіміне келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

Осы шешіммен бекітілген Ережесінде:

2 тармақта «тұрмысы төмен» деген сөзден кейін «және әлеуметтік жағынан қорғалатын» деген сөздермен толықтырылсын;

7 тармақтың 2) тармақшасы жаңа басылымда мазмұндалсын:

«2) құрамында жұмысқа жарамды, бірақ жұмыс істемейтін, оқымайтын, әскер қатарында қызмет етпейтін және жұмыспен қамту мәселелері бойынша уәкілетті органда тіркелмеген тұлғалары бар, келесі тұлғаларды қоспағанда:

18 жасқа толмаған бірінші және екінші топтағы мүгедек балаларды күтетін тұлғалар, сексен жастан асқан тұлғаларды күтетін тұлғалар;

мүгедектік тобы жоқ, бірақ туберкулез, онкология диспансерлерінде есепте т ұ р ғ а н т ұ л ғ а л а р ;

жеті жасқа дейінгі балаларды, сонымен қатар төрт немесе одан да көп 18 жасқа дейінгі балаларды тәрбиелеумен айналысатын аналар;

50 жасқа толғандар (жынысына қарамастан)»;

21 тармақ алынсын.

25 тармақтың 1) тармақшасындағы «(сот орындаушысынан анықтама ұсынған жағдайда)» және 3) тармақшасындағы «(анықтама ұсынған жағдайда)» деген сөздер алынсын.

28 тармақта «бау-бақшалардан» деген сөзден кейін «және құстардан» деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрайымы*

*К.Қожаева*

*К ө к п е к т і*

*а у д а н д ы қ*

*мәслихатының хатшысы*

*Л. Бочкарева*